

Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыс сараптамасы

2022-2023 оқу жылы

Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жыл басынан жүйелі жүргізілді. 2022-2023 оқу жылында алған білімдерін саралап аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар, байқаулар мен спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Қыркүйек айында өткен Республикалық оқырмандар байқауының аудандық кезеңіне екі оқушы қатысты. Омарова Ұлан 6- сынып оқушысы ІІІ орынға, 4- сынып оқушысы Мамбетов Нұрасыл «Жас тілші» номинациясына ие болды



Аудандық «Лингвистика» олимпиадасына 3 оқушы қатысты. 8- сынып оқушысы Темиров Тимур ІІІ орын алғаны үшін марапатталды, 8- сынып оқушысы Серикова Айым, 9- сынып оқушысы Яна сертификатқа иеленді.



Желтоқсан айында мектепішілік пәндер олимпиадасы өткізілді. Олимпиада нәтижесі бойынша 9- сынып оқушылары Кайкенов Ильяс математика пәнінен, Сагинтаева Арай Қазақстан тарихынан және Червинская Яна орыс тілі мен әдебиет пәнінен I орынға ие болды. Республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне I орын алған 3 оқушы қатысты. 5-6- сынып оқушыларына арналған пәндер олимпиадасының мектепішілік кезеңі мектепте өткізіліп, жоғары балл жинаған 8 оқушы аудандық кезеңге қатысты. Аудандық олимпиаданың нәтижесі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 6- сынып оқушысы Болат Рамазан және 5-сынып оқушысы Корчагина Рузана жүлделі III орынға ие болды.



7-8-

сынып оқушыларына арналған пәндер олимпиадасының аудандық кезеңіне 10 оқушы қатысты. 8- сынып оқушысы Серикова Айым олимпиаданың қорытындысы бойынша II орынға қол жеткізді. Ақпан айында аудандық «Мәшһүр Жүсіп» оқуларына бір оқушы қатысты, 8- сынып оқушылары Алпыспай Тамерлан жоба қорғау және Қ. Бітібаева қазақ тілі олимпиадасына Серикова Айым эссе жазу номинациясына қатысып өте жақсы нәтиже көрсетті. Алпыспай Тамерлан 1- орын, Серикова Айым 3- орынға ие болды. Алпыспай Тамерлан облыстық байқауға қатысып, сертификатқа ие болды. «Зерде» аудандық ғылыми жобалар байқауына екі оқушы қатысты. 5- сынып оқушысы Самоличенко Дарья информатика пәнінен, жетекшісі Махмутов О.Т. және 4- сынып оқушысы Болат Рамазан жетекшісі Мусахметова Г.Ж. Болат Ерназар жақсы білім көрсеткен үшін арнайы Дипломмен марапатталды. Биылғы жылы мектепте бірнеше спорт секциялары жұмыс істеді. Оқушылар белсене қатысты. Қазақша күрес, каратэ, волейбол, баскетбол, теннис т.б. Жыл бойы өткізілген аудандық, облыстық, республикалық спорт жарыстарына мектеп оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Аудандық қысқы, жазғы спорт ойындарынан жүлделі орын алған оқушылар:

Червинская Яна, Вебер Алесксандр, Сагинтаева Алтынай.Қазақша күрестен Омаров Ұлан,қаратәдан бірнеше оқушы жеңімпаз атанды. 5- сынып оқушысы Сидоренко Максим қаратәдан Республикалық жарыста 1 -орынға ие болып,Ақмола облысының намысын қорғап келді.



Бастауыш сынып оқушылары жыл сайын өтетін Республикалық «Ақбота», «Кенгру» интеллектуалды олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды

2022-2023 оқу жылы мектепішілік түрлі спорттық ойындар ,жарыстар өткізілді.Аудандық шахмат ойынына қатысты,бірақ жүлделі орындарға ие болған жоқ.Спортқа қызығушылық танытатын оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу керек.Шахмат,тоғызқұмалақ үйірмелеріне қосымша сағаттар бөлініп, оқушылармен жиі сабақтар жүргізілсе , аудан, облыс көлеміндегі жарыстарға қатысу мүмкіндігі болады.

Дарынды балалармен жұмысты жандандыру бағытында өз ісімен көзге түскен мұғалімдер де баршылық. Бастауыш мұғалімі Самойленко Н.Н. қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Оспанова Б.Г., Жылқыбай Г.Қ. тарих пәні мұғалімі Кульмағанбетов Е.Е.

Дарынды оқушылармен жұмысты қорытындылай келе, осы бағыттағы жұмыстардың әлі де әлсіз жақтары –интеллектуалды сайыстар, олимпиадаларда нәтижелерге қол жеткізуге, жоғары сынып оқушыларын ғылыми жобалар қорғауға дайындауға барлық мүмкіндіктерді қолданып, жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің белсенділіктерін арттыру қажет.

Ұсыныс:

- 1.Әр пәннен олимпиада өткізіліп, ауданға ,облыс көлемінде озық оқушыларды жіберу.
- 2.Дарынды балаларды мектепшілік, аудандық ,облыстық, республикалық іс – шараларға қатыстырып қабілеттерін дәлелдеу.

Күтілетін нәтижелер

- 1.Мектепте ғана шектелмей аудандық, облысқа шығаруға байланыс жасау
- 2.Мектепте ғана шектелмей колледж және жоғарғы оқу орындарынмен байланыс жасау
- 3.Пән мұғалімдер өз пәндерінен байқау сайыстарына, аудандық олимпиадаға оқушыларды көбірек қатыстыру керек.

ҚПБП: Аукарова Г.Ж.